

## **Кезектен тыс педагогикалық отырыс хаттамасы**

**Күні:15. 06. 2023 жыл**

**Қатысқан: 13 мұғалім**

### **Күн тәртібінде:**

1. 2022-2023 оқу жылы бойынша мектептің өзін-өзі бағалаудың жүргізу туралы

### **Осы мәселе бойынша сөйлегендер:**

1. Алғаш сөз алған мектеп директоры А.Қ.Ерубаева аудандық Білім бөлімінен келген хатпен таныстырып, өткен оқу жылы бойынша Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті жыл сайын білім беру үйымдарында ҚР Білім туралы Заңының 56 бабының 1-тармағына сәйкес білім беру үйымдарының өзін-өзі бағалаудың үйымдастыру жүргізілетінін айтты. Өзін-өзі бағалаудың жүргізу мақсатында арнайы комиссия құрылды, бұйрық шығарылды. Мектептің өзін-өзі бағалауды бойынша әр мұғалім есеп жасап, оқу ісі менгерушісіне және тәрбие ісінің менгерушісіне тапсыру керектігі айтылды. 30 маусымға дейін тиісті құжаттарды жинақтап, электронды түрде [akmola\\_control@mail.ru](mailto:akmola_control@mail.ru) поштасына материалдарды жүктеген және мектеп сайтының мекен жайын көрсете отырып ілеспе хат жолдайтынымыз айтылып, аталмыш жұмысты уақытында, әрі сапалы түрде орындау керектігі айтылды.
2. Оқу ісінің менгерушісі Дюсембекова Алмагүл мұғалімдерді ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 12 қыркүйек күнгі №396 бұйрығымен таныстыра отырып, білім беру үйымдарының өзін-өзі бағалаудың үйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыныммен және жалпы ережелермен таныстырып өтті.

### **Қабылданған қаулы:**

1. Педагогикалық кеңестің шешімімен өзін-өзі бағалауды жүргізу үшін Қызылжыл ауылының негізгі орта мектебінен арнайы комиссия құрылсын.
2. Мектептің өзін-өзі бағалауды жүмыстары уақытында әрі сапалы түрде мектеп сайтына жүктелсін.

**Мектеп директоры:**  А.Қ. Ерубаева

**Хатшы:**  А. Дюсембекова